

мектепке дейінгі жеке
сі: 
а КҚ

Конопьянова А.К

Kent

2023 – 2024 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Мектепалды даярлық 0 «ә» сыныбы

Балалардың жасы

Жоспардың құрылу кезеңі 3 -апта 15 –19 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	Құрылыс ойындары: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	«Біз дәнбіз» диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №12				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	«Көктем қандай тамаша!» Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.	«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде	Сауат ашу негіздері Міндеті - Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады:	Сауат ашу негіздері Міндеті сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына сызба құрайды. Түсінеді: сөйлем неден құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады	Сауат ашу негіздері Міндеті Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде	Көркем әдебиет Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады?

	келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	дыбыстарды ажыратады Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» –Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, шие, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.	Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап» – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен) –Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кіршық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б	қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Ойын-жаттығу: «Сөз таңда» Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. Мақал – сөздің мәйегі. 1) Оқу ... құдық қазғандай. и-не, кү-рек, қа-сық. 2) Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер. 3) Ана көрген ... пішер. жей-де, тон, көй-лек. 4) Асықпаған арбамен . . . алады. түл-кі, қо-ян, а-ю	2. Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ (көжек) 3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. 4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?
Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»					

Саусақ гимнастика жаттығулары:

- 1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
 2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
 3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).
 4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.
- Саусақтар шынжыр болады,
 Үзілмейді тартсаң да,
 Ал, піл келіп шынжырды,
 Үзіп кетті басқанда.
 Тұмсығымен доп іздеп,
 Ойнағысы келіп тұр.
 Достық үшін пілге мен,
 Гүл сыйлағым келіп тұр.



Ойын: «Көршілерінді ата»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: түрлі суреттер салынған қағаз беті.

Ойын барысы: бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.

1 нұсқа: педгог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сол жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды.

2 нұсқа: педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.


2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта Міндеті Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша:балықтар топтастыру Мақсаты Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту Күтілегін нәтижелер: жасайды: балықтардың бірнеше түрін атап	Математика негіздері Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Мақсаты кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы	Математика негіздері Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Мақсаты кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптасатыру Күтілетін нәтижелер:	Математика негіздері Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Мақсаты кеңістікте және қағаз бетінде	Қоршаған орта Міндеті Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); Мақсаты Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды
--	---	--	--	---	--

	береді. түсінеді: балықтардың мінез-құлқының тіршілік ету ортасына тәуелділігін біледі. қолданады: коммуникативтік дағды Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді,	туралы білімін қалыптасатыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды; түсінеді: қағаз бетінде бағдарлауды; қолданады: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды. Суретпен жұмыс Педагог қандай да бір заттың суретін тауып, анықтауды сұрайды: – оның оң жағында не орналасқан, – оның астында ненің суреті бейнеленген, – берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог: – оң жақтағы жоғарғы бұрышта; – парақтың төменгі	меңгереді: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды; түсінеді: қағаз бетінде бағдарлауды; қолданады: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша ісқимыл жасайды	бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптасатыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды; түсінеді: қағаз бетінде бағдарлауды; қолданады: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды Шағын топпен жұмыс. Педагог «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол	құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту Күтілетін нәтижелер: жасайды: табиғат құбылыстарын атап береді. түсінеді: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді біледі. қолданады: құрбыларымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізе алады Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. Ойын түріндегі жаттығу. «Күнмен ойнайық». Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды
--	--	---	---	--	--

	қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды. .	жигінің бойында; – парактың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды.		парақтың төменгі сол жағында. Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.	дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады. Күн сәулесі қандай болады? Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. Жарық.
--	---	--	--	--	---

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .	    	Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.
---	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті: - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау Мақсаты таппақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс	Қазақ тілі Міндеті - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Мақсаты ұлттық тағам түрлерімен таныстыру	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Мақсаты Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру –Қандай үй жануарларын	Көркем әдебиет Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру
--	--	--	---	---	--

	сөздерді табуға жаттықтыру Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті тандап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? - Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. - Сақ-сақ – жеймін бауырсақ - Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-	білесіңдер? – Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? – Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? – Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? – Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? – Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді – Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. – Үй жануарлары жазда қайда болады? – Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. - Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. - Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайрандап, Кең даланы сайрандап, - Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. – Балалар, жайлау қандай екен?	дағдыландыру Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян) – Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі) – Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады) – Бүгін Ботан Қошымовтың «Ақкөжектің достары» ертегісімен танысамыз. - Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. - Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. - Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? – Авторы кім? – Ақкөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? – Ақкөжектің көңіл күйі қандай болды? – Достар не істеді?	-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу Мақсаты- көктем мезгілінің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. Топтық жұмыс
--	---	--	--	---	---

		ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	–Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?	– Жайлаудан Ақкөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !	
--	--	---	---	---	--

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп,

		ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. Әдістемелік нұсқаулар. Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.			
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр) Мақсаты Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру «Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін	Музыка Міндеті: - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру Мақсаты Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру : Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.э. (өндеген Т. Попатенко)	Дене шынықтыру Міндеті:. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру Мақсаты - Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру 3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып	Дене шынықтыру Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею Мақсаты Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа	Музыка Міндеті - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу Мақсаты Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус)

	үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.		өтуге машықтанады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.	бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.	Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Сәуір Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Бұлттарды бақылау <i>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды</i>	Сәуір Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы</i>	Сәуір Серуен-Бақылау №15 Бақылау: Желді бақылау <i>Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту;</i>	Сәуір Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Топырақты бақылау <i>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы</i>	Сәуір Серуен-Бақылау №17 Бақылау: Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы</i>

	<i>қалыптастыруды жалғастыру</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. <i>(күн)</i> <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? <i>(қоңыр түсті әйнекпен)</i> Еңбек	- <i>жел түрлерін есте сақтау.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. <i>(жел)</i> Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де	Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> Қимылды ойын	<i>туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? <i>(ара)</i> -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? <i>(маса)</i> -Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? <i>(шыбын)</i> -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. <i>(құмырсқа)</i> -Тор тоқуға шебер-ақ,
--	---	--	---	---	---

		Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i>	соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i>	«Аққу-қаздар». <i>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.</i> Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. <i>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</i> .	Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара,
--	--	---	--	--	---

					<i>жібек құрты, құмырсқа).</i> ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту:	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер,	Қауіпсіздік ержелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.	Бағдаршамның нақты қызметін

	«Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын		Қара жерге де, қамқорлық керек	үйрету
--	---	--	--	---	---------------

	құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---	---	--	---	---

Тексерген: Конопьянова А.Ж

